

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қазандағы N 1059 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.10.2013 № 1042 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында зейнетақы мен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 16 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесін және Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 28, 272-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінде:

8-тармақтың 2) тармақшасындағы "қоспағанда, " деген сөзден кейін " нотариалды куәландырылған (егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе) және" деген сөздермен толықтырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "куәландырылған" деген сөзден кейін "(егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "куәландырылған" деген сөзден кейін "(егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе)" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтың бірінші абзацы "куәландырылады" деген сөзден кейін "(егер нотариалды куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілсе)" деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақ алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 18-тармақпен толықтырылсын:

"18. Жинақтаушы зейнетақы қорлары жыл сайын алушыдан өтініш алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қосымша келісім мен зейнетақы төлемдерінің кестесіне өзгерістер енгізе отырып, кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық мөлшеріне қайта есептеу жүргізеді.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесінде:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы мынадай шамадан:";

3-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген Әдістемеге қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 21 қазандағы
N 1059 қаулысына қосымша

Кесте бойынша зейнетақы
төлемдерінің мөлшерін
есептеуді жүзеге асыру

әдістемесіне қосымша

**Кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық
мөлшерін есептеуге арналған кесте**

Алушының жасы	Ағымдағы құнның коэффициенті
18	0,04159
19	0,04172
20	0,04186
21	0,04201
22	0,04217
23	0,04233
24	0,04250
25	0,04268
26	0,04287
27	0,04307

28	0,04327
29	0,04349
30	0,04372
31	0,04396
32	0,04421
33	0,04448
34	0,04476
35	0,04505
36	0,04537
37	0,04569
38	0,04604
39	0,04641
40	0,04679
41	0,04720
42	0,04763
43	0,04809
44	0,04858
45	0,04910
46	0,04965
47	0,05023
48	0,05085
49	0,05152
50	0,05223
51	0,05298
52	0,05380
53	0,05467
54	0,05561
55	0,05662
56	0,05770
57	0,05888
58	0,06016
59	0,06155
60	0,06306
61	0,06472
62	0,06654
63	0,06854
64	0,07075
65	0,07321
66	0,07596
67	0,07904
68	0,08252
69	0,08648

70	0,09103
71	0,09629
72	0,10245
73	0,10976
74	0,11855
75	0,12932
76	0,14282
77	0,16020
78	0,18342
79	0,21599
80	0,26489
81	0,34649
82	0,50980
83	1,00000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК